

КОНТРАЦЕПЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ  
(ЖҮКТІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ  
ҚҰРАЛДАРЫ) ЖҰПТАРДЫҢ ӨМІРІ  
МЕН ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН  
БАҚЫЛАУДА ҰСТАЙДЫ:  
ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН  
ТАРАЛАТЫН ИНФЕКЦИЯЛАРДАН  
САҚТАНУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛЫ,  
КҮТКЕН ЖҮКТІЛІККЕ АЛЫП  
КЕЛЕДІ.

## НЕГЕ КОНТРАЦЕПЦИЯ МАҢЫЗДЫ?

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ  
МӘЛЕМЕТІНШЕ ШАМАМЕН  
ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН ТАРАЛАТЫН  
**30** ТҮРЛІ ИНФЕКЦИЯ БАР ЕКЕН.



**КМПА**

Жыныстық және репродуктивтік  
денсаулық жөніндегі  
Қазақстандық қауымдастығы (КМПА)



**IPPF**

International  
Planned Parenthood  
Federation

**050012**, г. Алматы  
Жамбыл көшесі **114/85**,  
офис **227/1, 227/2**  
**kmpa.center@gmail.com**  
**+7 (727) 292-16-77**,  
**+7 (727) 391-12-14**

**8 - 8000 - 040 - 540**


kmpakaz.org

@kmpa\_projects

@ne\_tabu

**NE  
TABU**

# КОНТРА- ЦЕПЦИЯ



## ҚАНДАЙ КОНТРАЦЕПТИВТЕР СЕНІМДІРЕК?

Заманауи 3 түрлі әдіс қолданылады, олар жастар арасында кең таралған, сенімді және қолжетімді болып есептелінеді.

### МҮШЕҚАПТАР

Ерлерге арналған мүшеқаптар – жұқа латекстан жасалынған қап сияқты, оны қозып тұрған мүшеге кигізеді. Егерде мүшеқап дұрыс киіліп және ешқандай тесіктері мен кемістіктері болмайтын болса ұрық шашу кезінде сперма сол қаптың ішінде қалып, ұрықтануға жол бермейді.

Бұл әдіс жыныстық жолмен таралатын инфекциялар және АИТВ жұқтыру мен таратудан сақтайтын сенімді әдіс / Мүшеқаптарды дәрігердің рецептінсіз де дәріханадан сатып алуға болады.

### ЖҮКТІЛІКТІ БОЛДЫРМАУҒА АРНАЛҒАН ДӘРІЛЕР

Қыздар жүктілікті болдырмауға арналған дәрілерді ішкен кездерінде оларда аналық ұрық жасуша жетілмейді яғни аталық ұрық жасуша кіріп ұрықтандыра алмайды, ал жатыр майындағы сұйықтық қаттып және қоюланып сперматозоидтың жатырға кіруіне кедергі жасайды.

Бұндай дәрілерді дәрігерге қаралмай өзіңіз қабылдай беруіңізге болмайды, себебі бұл дәрілерді қабылдауда қарсы көрсетілімдер бар.

### ЖАТЫР ІШІНДЕ ОРНАЛАСАТЫН МҮШЕҚАП ЖАТЫР ІШІЛІК (СПИРАЛЬ) ҚҰРАЛДАРЫ

Спираль – Т-әріпе ұқсайтын пластикті құрал, оның құрамында мыс бар. Спиральды жатыр ішіне дәрігер салады, салынғаннан кейін ол жатыр ішінде қышқылданады. Бұл сперматозоид (аталық ұрық жасушаның) аналық ұрық жасушаға кіруіне кедергі келтіреді. Осылай аналық ұрық жасуша ұрықтанбайды, жүктілік болмайды.

### СЕНІМСІЗ КОНТРАЦЕПЦИЯ ӘДІСТЕРІ

#### ТОҚТАТЫЛҒАН НЕМЕСЕ ҮЗІЛГЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС

Бұл әдіс бойынша жыныстық қарым-қатынас барысында ер адамның эякуляция (шәует шығару) кезінде әйел адамның қынабынан (влагалище) мүшесін шығаруымен сипатталады. Бұл / сперманың қынапқа түсуінен сақтап, жүктілікті болдырмайды.

Аталған әдістің әсерлігі мен сенімділігі төмен, бұл экулятқа дейінгі кезеңдегі сперматозоидтың кішіде болсын мөлшерінің бөлінуімен байланысты. Бұл дегеніміз, жыныстық қарым қатынас кезінде экуляция болмасада сперматозоидтар әйел адамның қынабының (влагалище) ішіне қалып, кіруі мүмкін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қандай контрацептивті әдістерді қолданатындықтарыңызд өздеріңіз шешіңіздер, шешімдеріңіз мүмкін ол әдістің қолжетімділігіне немесе ыңғайлылығына байланысты таңдайтын шығарсыздар. Бірақ естеріңізде болсын, барлығының жағымды және жағымсыз жақтары да болады. Өзіңіздің дәрігеріңізбен сөйлесіп, кеңес алып, сізге қандай әдістің сай екендігін анықтаңыз.

